

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Металлургтердің мерейі

Теміртау биыл өзінің ең басты мерекесі – Металлург күнін бұрын-соңды болмаған ауқымда және ерекше сән-салтанатпен атап өтті. Ел мақтанышына айналған мамандық иелерінің құрметіне ұйымдастырылған биылғы думан ерекше сипат алды. Дәл осы айтулы күні өмірін шойын балқыту мен болат құюға арнаған еңбек майталмандары мен сала ардагерлеріне жоғары құрмет көрсетіліп, олардың ерен еңбектері ұлықталды. Мерейлі сәтте Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев өндіріс озаттарына мемлекеттік және ведомстволық жоғары наградаларды салтанатты түрде табыс етті.

 Салтанат ЛПНШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Металлургия – ел экономикасының сегіз пайыздан астам салмағын көтеріп қана қоймай, осы салада еңбек ететін 200 мыңнан астам адамның маңдай терімен өрілген мемлекеттің берік тірегі. Мерекелік жиында сөз алған Ерсайын Нағаспаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өндірісті жаңғырту және бәсекеге қабілетті өнім шығару бойынша жүктеген міндеттерін тілге тиек етіп, бұл мақсаттың алтын дінгегі – білікті мамандар екенін қадап айтты.

– Сіздердің жанқиярлық еңбектеріңіз, жоғары жауапкершіліктеріңіз бен мамандыққа адалдықтарыңыз – барлық жетістіктің берік негізі, – деді ол.

Марапатталғандардың қатарында домна пештерінің көрікшілері, агломератшылар, маши-



нистер, инженерлер, өндірістік учаске бригадирлері және басқа да түрлі мамандық иелері бар.

«Еңбек даңқы» төсбелгісі иегерлерінің бірі – құбыр электрмен дәнекерлеу цехының ауысым шебері Ардақ Сағадиев. Кәсіпорынға 18 жасында келген ол еңбек жолын тегістеуші болып бастаған. Кейін бригадир, одан соң технолог-оператор қызметіне ауысып, бүгінде ауысым шебері болып еңбек етеді.

– Кәсіпорында 18 жасымнан бері жұмыс істеп келемін әрі өмірімді осы кәсіпорынмен байланыстырдым. Бұл – менің өмірімнің маңызды бөлігі. Бүгінгі марапат мен үшін үлкен құрмет әрі еңбегімнің бағаланғанының белгісі, – деді Ардақ Сағадиев.

Металлургтерді құттықтауға

облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов та келді. Ол Теміртаудың еліміздің басты металлургиялық орталығы мәртебесін сақтап отырғанын, ал, саланың болашағы кәсіпорындарды жаңғырту және жас мамандарды даярлаумен тығыз байланысты екенін айтты.

– Теміртау – қазақстандық металлургияның айқын символы. Бүгінде кәсіпорында ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, заманауи технологиялар енгізілуде, өндірістегі қауіпсіздік пен экологиялық талаптар күшейтілуде. Дегенмен, саланың ең басты байлығы бұрынғысынан адамдар – кәсібіне адал, жауапкершілігі жоғары металлургтер. Дәл осы мамандар Қазақстандағы ең ірі өнеркәсіп кешендерінің бірінің

тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп келеді. Отандық металлургияның берік іргетасын қалап, мол тәжірибесін кейінгі буынға аманаттаған ардагерлерге ерекше алғысымды білдіремін, – деді Ермек Алпысов.

Қазіргі таңда Qarmet компаниясы құны 3 миллиард АҚШ долларынан асатын ауқымды жаңғырту бағдарламасын іске асыруда. Бағдарлама өндірістік қуаттарды жаңартуды, өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруды және экологиялық жобаларды жүзеге асыруды қамтиды. Металлургиялық комбинаттың домна пештері мен №1 табақ прокаттау цехының әдістемелік пештері газға көшіріліп, бұл атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың

көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Алдағы жылдары компания жыл сайынғы болат өндірісін 5 миллион тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Металлург күніне арналған мерекелік шаралар «Астана» алаңындағы концертпен жалғасты. Теміртау тұрғындары мен қала қонақтарының алдында M>Dee, Айқын, Jazzdauren, Мирас Жүгінісов, Yenlik, «Ирина Кайратовна» және «Винтаж» топтары өнер көрсетті.

Концертке 65 мыңнан астам көрермен жиналып, кеш мерекелік отпашумен қорытындыланғанын айту керек.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ҰБТ – 2026

Білім бәсекесінің қорытындысы

2026 жылғы Ұлттық бірінғай тестілеудің негізгі кезеңі аяқталды. Облыста білім сынағына шамамен 10,5 мың талапкер қатысып, олардың басым бөлігі тестті қазақ тілінде тапсырды.

Биыл ҰБТ форматы өзгеріссіз қалды. Талапкерлер үш міндетті және екі бейіндік пән бойынша білімдерін сынады. Тестілеуге қатысушылардың жартысынан астамы қазақ тілін тандаса, 46 пайызы орыс тілінде, ал, 10 талапкер ағылшын тілінде емтихан тапсырды.

Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, өңірде шекті балды шамамен 8 мың талапкер еңсерген. Бұл – тестілеуге қатысқан жастардың 77 пайызы. Қарағанды облысы бойынша орташа көрсеткіш 68 балды құраса, ең жоғары нәтиже – 137 балл. ҰБТ-ға ерекше білім беру қажеттіліктері бар 38 талапкер қатысып, олар үшін емтиханды қолайлы жағдайда тапсыруға мүмкіндік беретін барлық қажетті жағдай жасалды.

Тестілеу кезінде академиялық адалдық талаптарының сақталуына ерекше назар аударылды. ҰБТ өткізу барысында Қарағанды облысында 33 ереже бұзу дерегі тіркелді. Оның ішінде 22 талапкер смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды аудиторияға алып кіруге әрекет жасағаны үшін тестілеуге жіберілмеді. Тағы 11 адамның емтихан нәтижесі ереже бұзғаны үшін жойылды.

Ұлттық тестілеу орталығы 31 қазанға дейін барлық тестілеу пункттеріндегі бейнежазбаларды талдайды. Егер кейіннен академиялық адалдық қағидаларын бұзу деректері анықталса, талапкерлердің ҰБТ нәтижелері күшін жояды.

Өз тілшімізден

Қауіпсіздік мәдениеті бала кезден қалыптасады

Баланы кітап оқуға, велосипед тегуіне немесе жүзуге үйреткендей, қауіпсіз өмір сүру дағдыларына да ерте жастан баулу қажет. Бүгінде балалар тек көшеде ғана емес, үйде, мектепте және цифрлық ортада да түрлі қауіп-қатерге тап болуы мүмкін. Сондықтан, олардың төтенше жағдайда дұрыс шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастыру – қоғам алдындағы маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

 Жамал СОВЕТКЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осы мақсатта «Заң мен Тәртіп» қағида-татарын іске асыру аясында Қарағанды облысының Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы БАҚ өкілдерінің қатысуымен балалардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға арналған шара өткізді. Кездесудің негізгі тақырыбы – өңірде пилоттық түрде қолға алынған «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы болды.

– 2026 жылы Қарағанды облысында Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы құрылды. Қазіргі таңда басқарма «Қауіпсіз балалық шақ» бағдарламасын іске асырып жатыр. Бүгінгі «Қауіпсіз драйв» іс-шарасы – осы бағдарламаның бір бөлігі. Оның мақсаты – балаларға велосипед, самокат және өзге де жеңіл көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану мәдениетін қалыптастыру. Бұл жоба дәстүрлі қауіпсіздік сабақтарынан түбегейлі ерекшеленбейді. Алайда, басты назар балалардың қауіпсіз қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға, жолдағы өзара құрмет пен жауапкершілікті арттыруға аударылады. Соңғы жылдары велосипед тегуіне қызығушылық айтарлықтай артты. Сондықтан, балаларға жолда өзін дұрыс ұстауды, қорғаныс құралдарын – шлем, тізгіндік және шынтакқапты міндетті түрде пайдалануды үйрету маңы-

зды. Сонымен қатар, веложолакты пайдаланатын барлық адамның бір-біріне құрметпен қарауы қажет. Өйткені, онда велосипедшілер ғана емес, жаяу жүргіншілер мен балалар арбасын итеріп жүрген ата-аналар да жүреді. «Қауіпсіз драйв» жобасы жалғасады. Болашақта жобаны мектептерде өткізу мүмкіндігі де қарастырылмақ, – деді облыстық балалардың құқықтарын қорғау басқармасының әдіскері Қайрат Әшімханов.

Жобаның ерекшелігі – балаларға қауіпсіздік ережелерін жай ғана түсіндіру емес, оларды өмірде қолдануға үйрету. Бағдарлама барысында оқушылар үйде, көшеде, мектепте туындауы мүмкін қауіп-қатерлер кезінде дұрыс әрекет ету алгоритмдерін тәжірибе жүзінде меңгерді. Бұл тәсіл балалардың қауіпсіздік туралы білімін ғана емес, нақты дағдыларын да қалыптастыруға бағытталды.

Шара барысында мамандар балалар жаракатының алдын алудың заманауи тәсілдерін, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың өзекті мәселелерін және практикалық жаттығулардың тиімділігін талқылады. Ата-аналар мен педагогтердің бұл бағыттағы жауапкершілігіне ерекше назар аударылды. Қауіпсіздік мәдениеті мектеп қабырғасымен шектелмей, ең алдымен отбасыда қалыптасуы тиіс.



Бағдарламаның практикалық бөлімінде фитнес-жаттықтырушы Эдуард Гроссулдың қатысуымен велосипедті қауіпсіз басқару бойынша шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Қатысушылар велосипедпен жүру кезіндегі негізгі қауіпсіздік талаптарын, қорғаныс құралдарын дұрыс пайдалануды және жол қозғалысы ережелерін сақтау жолдарын тәжірибе жүзінде үйренді.

– Бүгінгі шарада паравелоспортқа да

ерекше назар аудардық. Көру қабілеті бұзылған спортшыларға арналған арнайы тандем-велосипедтер бар. Онда екі адам бірге жүреді: бірі – велосипедті басқаратын пилот, екіншісі – спортшы. Олар жарыстар мен түрлі қашықтықтарды бірлесіп бағындырады. Мұндай спорт түрі ерекше қажеттілігі бар жандардың да белсенді өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді. Бүгінгі жиын біз үшін де тәжірибелік жоба болды. Ең бастысы –



қоғамда жол қозғалысына қатысушылардың бір-біріне деген құрмет мәдениетін қалыптастыру. Қазір жаяу жүргіншілер, велосипедшілер, самокат мінушілер мен көлік жүргізушілері арасында түсініспеушіліктер кездесіп жатады. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін әркім өзара сыйластық танытуы керек. Мәселен, веложолакта алдыңызда балалы ана келе жатса, оған қысым көрсетпей, түсіністікпен қараған жөн. Сол сияқты велосипедшілер мен самокат мінушілер де жаяу жүргіншілер өткелінен өткенде міндетті түрде көліктерінен түсіп өтуі қажет. Бұл – жол қозғалысы ережесін сақтаудың ғана емес, өзгені құрметтеудің де белгісі. Егер әрқайсымыз жолда бір-бірімізге түсіністікпен қарап, қарапайым мәдениетті сақтай білсек, қаламыз әлдеқайда қауіпсіз әрі жайлы бола түседі, – деді фитнес-жаттықтырушы Эдуард Гроссул.

Балалар арасындағы жазатайым оқиғалардың басым бөлігі қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтамаудан болады. Сондықтан, мұндай жобалар балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға ғана емес, жауапкершілігі жоғары, қауіпсіздік мәдениеті қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеуге де ықпал етеді. Өңірде балалардың құқықтарын қорғау мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп келеді.

Суреттер автордан

Даму бағыты айқын

Қай уақытта болсын, экономика екпіні кәсіпкерліктің қарқынымен өлшенеді. Аймақта шағын және орта бизнесті қолдау бүгінде тек қаржылай көмек көрсетумен шектелмей, өркенді өндірістерді іске қосуға, ауылдағы кәсіпкерлікті мейлінше жандандыруға әрі өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыруға бағытталған кешенді саясатқа айналды. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте осы бағыттағы атқарылған жұмыстар сараланып, берекелі бизнесті қолдаудың жаңа міндеттері айқындалды.



Коллаж: жасын Айбек Рамажан

Ор **Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Келелі жиынның бас тақырыбы өңір экономикасының басты тіректерінің бірі саналатын шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне арналды. Алғаш болып сөз бастаған Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев саладағы негізгі көрсеткіштер мен мемлекеттік қолдау тетіктері туралы мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, бүгінде облыста 94,5 мың шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Атаулы салада 246 мың адам еңбекпен қамтылған. Жылдың алғашқы жартысында кәсіпорындар шамамен 5 триллион теңгенің өнімін өндірген. Бәсірелі бизнес өңірдегі негізгі салық төлеушілердің бірі болып қала бермек. Осы кезең аралығында бюджетке 222,1 млрд теңге көлемінде салық түсіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,3 пайызға артқан.

Мемлекеттік қолдаудың басты мақсаты – қаржыландырудың қолжетімділігін арттырып, қаражатты нақты өндірістік жобаларға бағыттау. Жыл басынан бері жалпы кредиттік қоржыны 57,2 млрд теңгені құрайтын 416 жоба қолдау тапқан. Сонымен қатар, бұған дейін қолдау көрсетілген шамамен 1,7 мың жобаны сүйемелдеу жұмыстары қоса жалғасуда. Басымдық өңдеуші өнеркәсіп, сауда, көлік, туризм, IT, денсаулық сақтау және білім беру салаларына беріліп отыр, – деп хабарлады Асқар Арстанұлы.

Ауылдық аумақтардағы кәсіпкерлікті дамыту мәселесі де ерекше назарда. Осы бағытта жеңілдетілген несие беру, инфрақұрылымдық

және консультациялық қолдауды көздейтін «Іскер аймақ» бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарламаны жүзеге асыруға 1,2 млрд теңге бөлінген. Есесіне жаңа жұмыс орындары ашылып, ауылдық аудандар мен шағын қалалардың экономикасын дамытуға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өңірде әлеуметтік кәсіпкерлік те қарқынды дамып келеді. Бүгінде әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды жұмыспен қамтып отырған 56 әлеуметтік кәсіпорын арнайы тізілімге енгізілген.

Ал, Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов қолдау құралдары мен тетіктеріне тоқталды. Мәселен, «Өрлеу» бағдарламасы аясында 29,6 млрд теңгеге 146 жоба қаржыландырылса, Кепілдік қоры арқылы 13,6 млрд теңге көлемінде кепілдік беріліп, 125 жоба қолдау тапқан. Әлеуметтік кәсіпкерлер мен «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалистеріне гранттар бөлінген. Сондай-ақ, бизнеске арналған инженерлік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Биыл осы бағыттағы жалпы құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 10 жобаға қолдау көрсетілді.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасының іске асырылу барысы ойдағыдай. Жергілікті шикізат негізінде бірегей өнім өндіретін шағын кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған жоба өңірде 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде өңірлік көрмелерге 153 қатысушы жұмылдырылып, олардың арасынан 10 финалист анықталды. Оның алтауы 5 млн теңгеге дейінгі гранттарға ие болды. Көрмеге қатысушылар саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2023 жылы өз өнімдерін 20 өндіруші ұсынса,

2026 жылы олардың саны 62-ге жеткен, – деп мәлімдеді Ернар Дауылұлы.

Айталық, жетелі жобаның бытырғы финалистерінің жетістіктері де назар аударарлық. Мәселен, Гүлжан Әбдіқашеваның керамикалық бұйымдары бүгінде Қазақстан Республикасынан бөлек Жапонияда да сатылуда. Ал, 2027 жылы шебер АҚШ-тың Джорджия штатындағы Санди-Спринг қаласында өтетін халықаралық көрмеге шақырылған. Гүлпахат Құттыбаеваның киізден жасалған бұйымдары Түркия, Франция, Италия және АҚШ нарығына шыққан. Демелі Ермекова грант қаражатының көмегімен балаларға арналған ұлттық қол-өнер оқу орталығын ашса, Жанар Қантарбаева ірімшік өндіретін цехті іске қосып, өнімдері Қарағанды мен Астана қалаларындағы сауда орындарында сатылуда. Биыл жобаға 62 қатысушы шақырылып, оларды іріктеу жұмыстарына Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігінің (JICA) сарапшылары қатысуда.

Бизнесті қаржылай емес қолдау шаралары туралы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының аймақтық филиалының директоры Мұхамед Әбдуллин баян етті. «Мобильді фронт-офис» жобасы аясында арнайы жабдықталған шағын автобус сатып алынып, оның көмегімен «Атамекен» ҰКП, Аграрлық несие корпорациясы, «ҚазАгроҚаржы» АҚ және «Са-рыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының мамандары аудан-аудандарды апта сайын аралап, кәсіпкерлерге кеңес беруде. Бүгінге дейін Осакаров, Нұра, Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет аудандары мен Саран қаласында келелі кездесулер өткізіліп, оған 214



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

кәсіпкер қатысқан. Тамыз айының соңына дейін Ақтоғай және Абай аудандарында, сондай-ақ, Балқаш, Приозерск, Теміртау және Шахтинск қалаларында көшпелі қабылдаулар жалғасады.

Сонымен қатар, «Бірыңғай фронт-офис» жобасы жұмыс істеп келеді. Оның аясында жыл басынан бері 700-ден астам азамат «Даму» қорының Қарағанды филиалына жүгініп, «Бөйтерек» холдингінің барлық бағдарламалары бойынша кеңес алған. 2025 жылдың қыркүйегінен бастап, қор қаржылық жоспарлау, маркетинг және персоналды басқару бағыттары бойынша оқыту бағдарламаларын өткізіп келеді. Жылдың басынан бері бұл курстарға 1488 кәсіпкер қатысқан болса, оның ішінде 67-сі – Қарағанды қаласының кәсіпкерлері. Сондай-ақ, отандық тауарларды серіктес банктердің маркетплейстерінде ілгерілету жобасы жүзеге асырылуда. Арнайы таңбамен бүгінде Қазақстан бойынша 700-ден астам өндірушінің өнімі белгіленсе, оның 40-ы – Қарағанды облысының кәсіпорындары, – деп хабарлады Мұхамед Талғатбекұлы.

Аппараттық кеңес жиынын қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев шағын және орта бизнесті қолдау өңірлік саясаттың басым бағыттарының бірі болып қала беретінін баса белгілеп өтті. Аймақ басшысы салалық басқармалар мен даму институттарына кәсіпкерлердің қаржылық және қаржылай емес қолдау құралдарына қолжетімділігін кеңейту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар, ауылдық аумақтардағы кәсіпкерлікті және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөліп, «Бір ауыл – бір өнім» жобасының финалистерін олардың өнімдері маркетплейстер мен сауда желілеріне шыққанға дейін толық сүйемелдеуді қамтамасыз етуді міндеттеді.

«Іскер аймақ» бағдарламасы, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы, мобильді фронт-офистің көшпелі қабылдауларын қоса алғанда, мұның бәрі бір-бірінен әсте ажырағысыз, бірыңғай идеядан бастап, өнімді нарыққа шығаруға дейінгі бірыңғай қолдау жүйесі ретінде жұмыс істеуі маңызды. Әсіресе, өткен жылдардағы финалистерге ерекше назар аударуды сұраймын. Олардың табыс тарихын кеңінен насихаттап, жерлестерімізге Қарағанды облысында өз кәсібін ашудың нақты мүмкін екенін көрсету қажет. Негізгі міндет – кәсіп ашуға ниеті бар, жұмыс істегісі келетін әрбір облыс тұрғыны қолдау алу үшін қайда жүгіну керектігін нақты білуіне жағдай жасау, – деп түйінделі сөзін өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒАЙЫНДАУ

Теміртауда жаңа әкім

Президент Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімімен Теміртау қаласының әкімі болып Сапар Сатаев тағайындалды. Жаңа басшыны қала активіне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев таныстырып, алдағы жұмыстың негізгі бағыттарын бағамдады.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Сапар Сатаевтың мемлекеттік басқару саласында мол тәжірибе жинақтағанын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін жетік білетінін атап өтті.

Сапар Сатаевтың мемлекеттік басқару жүйесінде тәжірибесі мол. Ол әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін жақсы біледі әрі кәсіби біліктілікке ие. Балқаш қаласындағы қызметі барысында ірі өнеркәсіп кәсіпорындарымен тиімді әріптестік орната білді. Бұл тәжірибе Теміртауда да металлургиялық кәсіпорымен ынтымақтастықты одан әрі дамытуға серпін береді деп сенемін, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс әкімі Сапар Сатаевтың басшылығымен Балқашта жылумен және сумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту, жолдарды жөндеу бағытында ауқымды жобалар жүзеге асырылғанын да тілге тиек етті. Атқарылған жұмыстар коммуналдық инфрақұрылымның игілігін арттырып, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік берген.

Теміртау – еліміздің ірі өнеркәсіптік орталықтарының бірі. Сондықтан, қаланың инфрақұрылымын жаңғырту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы түйткілдерді шешу, жолдардың жағдайын жақсарту және қалалық ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету өзекті міндеттердің қатарында. Сонымен бірге, қала құраушы кәсіпорынымен нәтижелі байланыс орнатып, әлеуметтік-экономикалық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру-

дың маңызы зор.

Сапар Сатаев еңбек жолын 2002 жылы «Қазақавтожол» республикалық мемлекеттік кәсіпорнында бастаған. Кейін «Ботақара су қожалығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының орынбасары және директордың міндетін атқарушы қызметтерін атқарды.

Мемлекеттік қызмет саласында 2010 жылдан бері еңбек етіп келеді. Әр жылдары Бұқар жырау ауданындағы Ботақара кентінің әкімі, Бұқар жырау ауданы әкімінің орынбасары болды. 2013-2015 жылдары Абай қаласын басқарды. Кейін Приозерск қаласының әкімі қызметін атқарды.

2023 жылдың мамыр айынан бастап осы тағайындауға дейін Балқаш қаласының әкімі болды. Осы жылдар ішінде ол тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым және қалалық аумақтарды дамыту бағытында тәжірибе жинақтады.

Өзі кезегінде Сапар Сатаев Теміртаудың тыныс-тіршілігімен таныс екенін, қалада шешімін күткен мәселелер мен тұрғындардың талап-тілегін жақсы білетінін жеткізді. Жаңа әкім жұмысында ашықтыққа, жауапкершілікке және нақты нәтижеге басымдық беретінін айтты.

Теміртау қашанда адал еңбек, жауапкершілік пен нақты нәтижені бағалайтын қала. Менің жұмысым да дәл осы қағидаттарға негізделетін болады, – деді Сапар Сатаев.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Ақжарға ауыз су жетті

Бұқар жырау ауданындағы 345 тұрғын тұратын Ақжар ауылында 52 үйдің барлығы орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды. Бұған дейін ауыл тұрғындары үшін өзекті мәселенің бірі болған сапалы ауыз суға қолжетімділік енді толық шешімін тапты. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елдімекенде су құбыры тартылып қана қоймай, кіреберіс жол жөнделіп, көше жарығы орнатылды, балалар ойын алаңы мен мал тоғыту орны салынды.

Облыста ауылдық елдімекендердің инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары жүйелі түрде жалғасып келеді. Негізгі мақсат – шалғайдағы шағын ауылдардың өзінде тұрғындар үшін қолайлы тұрғын үй қалыптастыру, инженерлік желілерді жаңарту және әлеуметтік нысандардың қолжетімділігін арттыру.

Осы бағытта Бұқар жырау ауданындағы Ақжар ауылында бірнеше маңызды жоба жүзеге асырылды. Солардың ішіндегі ең ауқымдысы – елдімекенді ор-



Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

талықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету жобасы.

Ауылға таза су жеткізу үшін ұзындығы жеті шақырым болатын су құбыры желісі тартылды. Сонымен қатар, су мұнарасы тұрғызылып, су тарту құрылыстарының алаңы жабдықталды және екі ұңғыма бұрғыланды. Нәтижесінде ауылдағы барлық тұрғын үй орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды.

Ақжардағы инфрақұрылымдық өзгерістер мұнымен шек-

телмейді. Ауылға кіреберіс бес шақырым жолға жөндеу жүргізілді. Жұмыс барысында жол бойы тегістеліп, жол төсемінің негізі дайындалды. Су өткізгіш құбырлар орнатылып, асфальтбетон жабыны төселді және қажетті жол белгілері қойылды.

Жол сапасы Ұлттық жол активтері сапасы орталығының зертханасында тексерілді. Сынақ қорытындысы бойынша асфальтбетон жабынының қолданыстағы нормативтік талаптарға толық



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

сәйкес келетіні анықталды.

Елдімекенде тұрғындардың қауіпсіздігіне де назар аударылды. Ауыл көшелеріне жаңа жарық шамдары орнатылып, түнгі уақытта жүріп-тұруға қолайлы жағдай жасалды. Көше жарығы ауылдың көркін арттырып қана қоймай, жол-көлік оқиғалары мен түрлі келенсіз жағдайлардың алдын алуға ықпал етеді.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін заманауи ойын алаңы салынды. Мұнда әртүрлі қастағы балаларға арналған ойын құрылғылары орнатылып, қауіпсіз демалыс орны қалыптастырылды.

Жергілікті тұрғындардың басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысатындықтан, ауылда арнайы мал тоғыту алаңы да жабдықталды.

Өз тілімізден

Қазақстан Республикасының сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс беру

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ, сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы өзіншегі сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша

өтініш беруі қажет. Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ, сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Құрылысты қадағалау күшейді

Елімізде құрылыс саласын жаңғырту, азаматтарды сапалы әрі қауіпсіз тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасуда. Ал, 2026 жылдың 1 шілдесінен күшіне енген жаңа Құрылыс кодексі мемлекеттік бақылауды күшейтіп, құрылыс саласына бірқатар маңызды өзгеріс енгізді. Нәтижесінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауының инспекторлары енді құрылыс нысандарын пайдалануға қабылдау кезінде және құрылыстың барлық кезеңінде бақылап, заң талаптарының сақталуын тұрақты қадағалайды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрылыс саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа Құрылыс кодексі елдегі құрылыс сапасын арттыруға және тұрғындардың құқықтарын қорғауға тың серпін беріп отыр. Құжатқа енгізілген өзгерістер құрылыс компанияларының жауапкершілігін күшейте отырып, мемлекеттік бақылау тетіктерін де жаңа деңгейге көтерді.

Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы Айдын Смағұлов жаңа заңнаманың негізгі өзгерістеріне тоқталды.

— Енді МСҚБ инспекторлары нысандарды пайдалануға қабылдау рәсіміне қатысып әрі құрылыстың барлық кезеңінде бақылау жүргізе алады. Сонымен бірге, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдардың жауапкершілігі күшейтілді. Олардың мамандары күн сайын құрылыс алаңында болып, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын тұрақты бақылауға міндетті, — деді Айдын Смағұлов.

Маманның айтуынша, мұндай талаптар құрылыс барысында туындауы мүмкін кемшіліктерді дер кезінде анықтап, оларды ерте

кезеңде жоюға мүмкіндік береді. Бұрын кейбір заңбұзушылықтар құрылыс аяқталуға жақындағанда немесе пайдалануға беру кезінде ғана анықталатын болса, енді бақылау үздіксіз жүргізілетіндіктен сапасыз жұмыстарға жол берілмейді.

Жаңа кодекстегі маңызды жаңалықтың бірі — құрылыс салушылардың кепілдік міндеттемелерінің ұлғаюы. Бұдан былай жаңадан салынған тұрғын үйлерге берілетін ең төменгі кепілдік мерзімі бес жыл болып белгіленді. Ал, ғимараттың негізгі көтеріс конструкциялары, шатырлары мен қасбеттеріне пайдалануға берілген күннен бастап, кемінде он жыл кепілдік беріледі.

Бұл өзгеріс — тұрғындардың мүддесін қорғауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Себебі, құрылыс аяқталғаннан кейін анықталатын ақауларды жою бойынша құрылыс салушының жауапкершілігі бұрынғыдан әлдеқайда жоғары болады.

Басқарма өкілдері тұрғындарға да маңызды кеңес берді. Әсіресе, салынып жатқан тұрғын үйден пәтер сатып алуды жоспарлаған азаматтар құрылыс компаниясының барлық рұқсат құжаттарының заң талаптарына сәйкестігін алдын ала тексеруі қажет. Мұндай ақпаратты Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқар-



масына тікелей жүгіну арқылы немесе сенім телефоны — 8 (7212) 21-32-06 арқылы алуға болады. Бұл тұрғындарды заңсыз құрылыс нысандарынан сақтандыруға мүмкіндік береді.

Басқарма басшысы биылдың алғашқы алты айындағы жұмыс нәтижелерін де жариялады. Оның айтуынша, осы кезеңде құрылыс-монтаж жұмыстарының басталғаны туралы 597 хабарлама қабылданған. Алайда, олардың 331-і бойынша түрлі талаптардың сақталмауына байланысты бастарту туралы шешім қабылданған. Бұл көрсеткіш құрылыс саласының да заң талаптарын қатаң сақтау қажеттігін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Сонымен бірге, пайдалануға

қабылдау актілерін салыстырып тексеруге 918 құжат келіп түскен. Соның 53 пайызы ғана мақұлданған. Қалған құжаттар бойынша анықталған кемшіліктерді түзету жөнінде тиісті шаралар қабылданған.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы құрылыс нысандарындағы заң талаптарының орындалуын тұрақты түрде бақылауда ұстап келеді. Атап айтсақ, биыл бірінші жартыжылдықта басқарма мамандары 39 тексеру жүргізген. Нәтижесінде анықталған заңбұзушылықтарды жою жөнінде нұсқамалар беріліп, бірқатар құрылыс компанияларына әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылған. Кейбір мердігер ұйымдардың лицензияларының қол-

данылуы уақытша тоқтатылып, жекелеген компаниялар құрылыс қызметімен айналысу құқығынан айырылған.

Бұл қабылданған шаралар құрылыс нарығында заң талаптарын сақтайтын, сапалы жұмыс істейтін компаниялардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар, қазір Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының бақылауында екі тұрғын үй кешені қалып отыр. Олар — Дүйсембеков көшесінде салынып жатқан «Новый город — 2» тұрғын үй кешені мен «Оазис» шағынауданындағы «Британский квартал» тұрғын үй кешені.

Айдын Смағұловтың айтуынша, аталған нысандардың құрылыс салушыларымен нақты



жұмыс кестесі келісілген. — Құрылыс салушымен жұмыстарды орындау кестесі келісілген. Екі нысанның да құрылысын биылғы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр, — деді басқарма басшысы.

Жалпы, жаңа Құрылыс кодексінің күшіне енуі құрылыс саласындағы мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттырып, құрылыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Инспекторлардың құрылыстың барлық кезеңіне қатысуы, техникалық қадағалау ұйымдарының жауапкершілігінің күшеюі, кепілдік мерзімдерінің ұзартылуы және заң талаптарын бұзған компанияларға қатысты қатаң шаралардың қабылдануы — осының бәрі қауіпсіз әрі сапалы тұрғын үй салуға бағытталған жүйелі реформалардың маңызды бөлігі.

Құрылыс саласындағы жаңа талаптар ең алдымен, азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғауға негізделген. Мемлекеттік бақылаудың күшеюі, жауапкершіліктің артуы және құрылыс процесінің ашықтығы тұрғындардың жаңа баспанаға деген сенімін нығайтып, өңірде сапалы әрі ұзақ мерзімге қызмет ететін тұрғын үйлердің көбеюіне ықпал етпек.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Аптапта жол да қорғалады

Облыста ауыр салмақты автокөлік құралдарының қозғалысына енгізілген маусымдық шектеулердің сақталуына бақылау жалғасуда. Қарағанды облысы бойынша Көліктік бақылау инспекциясының мәліметінше, шектеулер күшіне енгеннен бері талаптарды бұзған 39 ауыр жүк көлігі уақытша тұраққа қойылған. Ауа температурасы төмендегеннен кейін немесе шектеулердің қолданылу мерзімі аяқталған соң олардың қозғалысын жалғастыруына рұқсат берілген.

Инспекция мәліметінше, автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 1 маусым мен 15 тамыз аралығында ауа температурасы +25 °C-тан жоғары болған кезде сағат 11:00-ден 21:00-ге дейін жүктемесі 8 тоннадан асатын ав-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

токөлік құралдарының қозғалысына уақытша шектеу енгізілген. Бұл шаралар жол жабынының мерзімінен бұрын бүлінуіне жол бермеу және жоғары температура жағдайында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданған.

Аталған талап халықаралық жүк тасымалдарын жүзеге асыратын көлік құралдарына, жолғаушылар тасымалына, тез бұзылатын азық-түлік өнімдерін, қауіпті және әскери жүктерді,



гуманитарлық көмекті тасымалдайтын көліктерге, сондай-ақ, төтенше жағдайлардың салдарын жоюға және реконструкция жүргізіліп жатқан жол учаскелеріндегі жол-құрылыс жұмыстарына тартылған арнайы техникаға қолданылмайды.

Сонымен қатар, өңірде 2026 жылғы 10 шілде мен 10 тамыз аралығында «Назар аударыңыз! Ауыр салмақты көлік құралы!» атты республикалық профилактикалық акция өтіп жатыр. Оның мақсаты — ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға мемлекеттік бақылауды күшейту, заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және автомобиль жолдарының бүлінуінің алдын алу.

«Тазалық табалдырықтан басталады»

Баланың жазғы демалысы — қоршаған әлемді танып, таным көкжиегін кеңейтетін ең құнарлы кезең. Ұялы телефон мен бос ойынға байланған бүлдіршіндердің табиғатты аялауға баулу — бүгінгі күннің басты міндеті. Осы мақсатта жас буынды жалаң ұранға емес, нақты іске жұмылдырған ECO FEST — «Заң мен тәртіп» экологиялық фестивалі өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен, қалалық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған шара «Заң мен тәртіп» қағидаты және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында қолға алынды. Фестивальдің басты ерекшелігі — жиналған пластикалық бөтелкелерді түрлі сыйлыққа айырбастау мүмкіндігі.

Атап айтқанда, бес пластикалық бөтелке өткізген қатысушыға балмұздақ беріледі, он бөтелкеге Қарағанды хайуанаттар бағының немесе Балалар темір жолының билеті ұсынылды. Ал, елу пластикалық бөтелке жинағандар киноға билет алды. Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Заңғар Серіковтің айтуынша, фестивальдің негізгі мақсаты сыйлық үлестірумен шектелмейді. Басты міндет — тұрғындардың экологи-



ялық мәдениетін қалыптастырып, қалдықтарды бөлек жинау дағдысын орнықтыру.

— Бұл бастама қала тұрғындарын қоршаған ортаны қорғау идеясы төңірегіне біріктіруге бағытталған. Сонымен қатар, жастар мен балалар арасында жауапкершілікті, белсенді азаматтық ұстанымды және саламатты өмір салтын доріктеуді көздейміз. Фестивальді өткен аптада Майқұдықта өткіздік. Келесі шараны Сұрыптау елдімекенінде ұйымдастырамыз. Одан кейін Қарағанды қаласының аумағында ауқымды фестиваль өткізу жоспарда бар, — деді Заңғар Серіков.

Фестивальдің бел ортасынан «Жасыл ел» еңбек жасақтары да табылды. Олар балалар әкелген

бөтелкелерді қабылдап, арнайы сұрыптаудан өткізіп, түріне қарай іріктеді. Сондай-ақ, билеттер мен балмұздақтарды таратуға көмектесті.

— «Тазалық табалдырықтан басталады» деген сөздің мәні терең. Осы уақытқа дейін жастар ресурстық орталығымен бірге экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылды. Алайда, еңбек жасақтарының күші барлық аумақты бірдей қамтуға жете бермейді. Сондықтан, балаларды да осындай игі іске тартуды ойластырдық. Бұл бізге үлкен көмек болса, бүлдіршіндердің өздеріне жазғы уақытын пайдалы әрі қызықты өткізуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, олар кішкентайынан тазалықтың қадірін түсініп өседі, —

деді «Жасыл ел» жасағының мүшесі Ұлпан Қожақұл.

Фестивальге қатысқан балалардың белсенділігі ерекше болды. Бірі ауласын аралап бөтелке жинаса, енді бірі жол бойы мен демалыс орындарын тазартуға кірісті. Солардың бірі — Ұлан Жанарысұлы.

— Фестиваль өтетінін ести сала бөтелке жинауға білек сыбана кірістім. Аулада ойнап жүріп-ақ біраз бөтелке табуға болады екен. Кейін көше мен жол жиегінде шашылып жатқан пластик қалдықтарды да жинадым. Нәтижесінде 290 бөтелке өткіздім. Оларды кинотеатр мен хайуанаттар бағының билеттеріне айырбастап, қалғанына жақындарыма балмұздақ алып бердім. Осындай бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тапса екен, — деді ол.

ECO FEST бағдарламасы экологиялық акциямен ғана шектелген жоқ. Балалар үшін «Қаладағы заң мен тәртіп» атты танымдық квест ұйымдастырылды. Оның басты кейіпкері — жаңа Конституцияның мазмұны мен маңызын балаларға түсінікті тілмен таныстырған Парасат үкісі. Фестивальдің маскотоғы ойын тапсырмалары арқылы заңды құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау және туған қаланың тазалығына жауапкершіліктен қарау ұғымдарын ұштастырды.

Айта кетейік, жиналған пластикалық бөтелкелердің барлығы арнайы сұрыптау орталығына жөнелтіліп, қайта өңдеуге жіберіледі.

Суретті түсірген автор

№	Елдімекен атауы	Үй-жайлардың мекенжайы	Жалпы көлемі	Отырғызу орындарының саны
1.	Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан.	Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің химия факультетінің акт залы, Мұқанов көшесі, 41	100 ш.м.	153
2.		Саңыраулар мәдениет үйінің акт залы, Н. Әбдіров даңғылы, 31.	117 ш.м.	90
3.		Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжінің акт залы, Баженев көшесі, 164.	200 ш.м.	150
4.		«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы филиалының «Қарағанды облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты» акт залы, Жәнібеков көшесі, 42.	100 ш.м.	100
5.	Қарағанды қаласы,	«Жаңа Майқұдық» мәдениет үйі, Магнитогорская көшесі, 19.	243 ш.м.	271
6.	Әлихан Бөкейхан атындағы аудан.	«Жастар» мәдениет үйі, Металлистер көшесі, 24/2.	903,78 ш.м	500
7.		«Теміржолшылар» мәдениет үйі, Мәметова көшесі, 111.	215 ш.м	Холл — 50 адамға дейін 378
				Шағын залы — 100 адамға дейін
Қарағанды қаласының әкімдігі				

• ТЕННИС

Додада дес бермеді

Қарағандыда жасөспірімдер арасында үстел теннисінен өткен «Са-рыарқа-2026» республикалық турнирі өз мәресіне жетті. Жарыстың жабылу салтанатына облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов қатысып, үздік спортшыларды марапаттады. Ал, турнир қорытындысы бойынша қа-рағандылық теннисшілер жоғары нәтиже көрсетіп, жалпы есепте бір алтын, екі күміс және үш қола медаль жеңіп алды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, биылғы турнир халық-аралық сипатқа ие болды. Дәстүрлі додаға Қазақстанның жас теннисшілерімен қатар Ресей, Қырғызстан және Өзбекстаннан келген спортшылар қатысып, өзара шебер-ліктерін сынады. Жеңімпаздарды марапат-тау рәсімінде сөз сөйлеген облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов турнирдің өскелең ұрпақты спортқа баулу-дағы, саламатты өмір салтын насихаттау-дағы маңызына ерекше тоқталды.

– Мұндай жарыстар спортты, салама-тты өмір салтын насихаттауда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, түрлі елдерден келген балалардың достық қарым-қатынасының нығаюына ықпал етеді. Қатысушылардың әрқайсысына жарқын әсер мен ұмытылмас сәттер сыйлайды деп сенемін! – деді Аза-мат Тайжанов.

Турнирге қатысқан шетелдік мамандар да жарыстың жоғары деңгейде ұйымдасты-рылғанын ерекше атап өтті. Өзбекстанның Ташкент облысынан келген жаттықты-рушы Георгий Цой Қарағандыда өтетін жа-рыстардың жылдан жылға кәсіби деңгейде ұйымдастырылып келе жатқанын айтып, ұйымдастырушыларға ризашылығын біл-дірді.

– Біз Қарағандыда өтетін дәстүрлі турнирлер мен клубтық чемпионаттарға тұрақты түрде қатысамыз. Биылғы «Са-рыарқа-2026» турнирі де жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әр спортшының өзіндік ойын стилі мен тактикасы болғандықтан, әрбір кездесу шиеленіске толы өтіп, соңына дейін жеңімпазды болжау қиынға соқты. Мұндай халықаралық турнирлер жас спортшылардың шеберлігін шыңдап, тәжірибе алмасуына да мол мүмкіндік бе-реді. Осындай ауқымды жарысты ұйымдас-

тырушыларға алғыс білдіремін, – деді Ге-оргий Цой.

Облыс намысын қорғаған Алан Құр-манғалиев кезекті жарыста да жоғары нәти-жеге қол жеткізді. Жерлесіміз 2007-2009 жылдары туған жасөспірімдер арасында сынға түсіп, барлық қарсыласын сенімді жеңіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Шешуші финалдық кездесуде Алан Шымкент қала-сының өкілі Қасым Нұрисламмен шебер-лік байқасты. Нәтижесінде, жерлесіміз 3:0 есебімен басым түсіп, чемпион атанды. Дегенмен спортшы бұл кездесудің онай болмағанын, қарсыласының мықтылығына атап өтті.

– Финалдық ойын тартысты өтті. Бұл кездесуге тыңғылықты дайындалып, қар-сыластың ерекшеліктерін ескере отырып, тактикалық жоспар құрдым. Себебі, қар-сыласым мықты спортшы. Екеуміз де Қа-зақстан ұлттық құрамасы сапында бірге өнер көрсетеміз, – деді Алан Құрманғали-ев.

Турнир қорытындысы бойынша қа-рағандылық спортшылар бірнеше жүл-делі орынға ие болды. 2010-2012 жылда-ры туған ұлдар арасында сынға түскен Асылхан Мағзұмбеков чемпионаттың күміс жүлдесін иеленсе, 2013 жылы туған жасөспірімдер арасында бақ сынаған Олег Яковлев қола жүлдегер атанды.

Қыздар арасындағы бәсекеде де қа-рағандылық спортшылар жоғары нәтиже көрсетті. 2007-2009 жылдары туғандар арасында Альбина Жақсылыкова күміс медаль еншілеп, Дария Фу үздік үштікті түйіндеді. Ал, 2010-2012 жылдары туған жасөспірім-дер арасында өнер көрсеткен Мария Лукья-нова чемпионаттың қола жүлдесіне қол жеткізді. Осылайша, жерлестер республи-калық турнирде сәтті өнер көрсетіп, аймақ айбынын асырды.

Сурет ұйымдастырушылардан

Кубок иесі – Испания!

Футбол... Адамзат ойлап тапқан ең ғажайып ойын. Токсан минутқа сыймайтын тағдырлар, бір ғана голға тоғысатын миллиондардың арманы. Бір сәтте күллі құрлықтарды қуанышқа бөлейтін, енді бір мезетте тұтас халықтың жанарын жасқа толтыратын күдірет. Әлем чемпио-наты – сол ұлы ойынның шарықтау шыңы. Биылғы әлем чемпионаты да дәл сондай ғажайып-тарымен есте қалды. АҚШ, Канада және Мексика аспанына көтерілген доптың соңынан мил-лиардтаған көз телмірді. Жанкүйерлердің қуанышы мен өкініші, жеңіс пен жеңіліс, көз жасы мен шаттығы – бәрі бір алаңға тоғысты. Әлемнің төрт бұрышынан жиналған 48 құрама бір ғана арман – алтын кубок үшін жанын салды. Осылайша бір айдан астам уақытқа созылған мундиаль өз мәресіне жетті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Актық кезең. Жасыл алаңда Испания мен Аргентина құрамасы. Бұл жолғы мун-диаль бұрынғыларға ұқсамады. Футбол тағының мызғымас иелері сүрінді. Кеше ғана жеңілмейтіндей көрінген алыптар сүрлеуден жанылды. Өлсіз саналған-дар айбынын асырып, азулылардың ап-тығын басты. Турнир әр күні жаңа сен-сация сыйлады. Кешегі болжамдардың құл-талқаны шығып, футболдың тағы бір мәрте болжауға көнбейтін құбылыс екені дәлелденді. Бірақ, қандай сенсациялар орын алса да, бүкіл әлем күткен бір ғана күн, яғни, финал болды. Нью-Джерсидегі алып «МетЛайф» стадионында мыңдаған жанкүйердің үні көкке көтерілді. Мил-лиардтаған көрермен экран алдына жи-налды. Себебі, бұл жай ғана матч емес еді. Бір қапталда – әлем футболының жаңа тынысын қалыптастырған – Испа-ния. Екінші қапталда – Лионель Месси бастаған Аргентина. Бір жағында – бола-шақ, екінші жағында – тарих тұрды.

Уақыт ешкімді күтпейді. Кеше ғана футболдың алтын баласы атанған Мес-си бүгін соңғы әлем чемпионатының финалына шықты. Матч басталған сәт-тен-ақ стадион айрықша күйге бөленді. Ойыншының әр пасы – шахматтағы жүріс секілді, есеппен жасалды. Әр ша-буылы – тұтас мемлекеттің үмітін арқа-лап тұр. Десе де, Испания допка иелік етті. Аргентина мінсіз қорғанды.

Аргентиналық қақпашы Эмилиано Мартинес қақпада қабырғадай тұрды. Оның әрбір сейбі құрамасының үмітін қай-та тірілткендей. Ал, Месси бұрынғыдай алаңды еркін кезіп жүрмесе де, бір ғана ки-мылымен ойын тағдырын өзгерте алатын тұлға екенін көрсетті. Десе де қос команда токсан минут бойы бір-бірінің осал тұсын таба алмады. Содан кейін ойынның негізгі минутына қосымша уақыт қосылып, кезде-су одан бетер қызға түсті. Қос команданың жеңіске деген құштарлығы бұрынғыдан да күшейе түскендей. Қосалқы құрамнан шыққан испаниялық шабуылшы Ферран Торрес ойынның 106-минутында қарсылас қақпасынан саңылау тауып, құрамасына жеңіс сыйлады.

Финалда жеңілгенімен, Аргентина құрамасының қақпашысы Эмилиано Мар-тинес 11 сейв жасап, әлем чемпионаттары финалы тарихындағы ең жоғары көрсет-кіштің авторы атанды. Ал, «Қызыл фурия» турнир барысында сегіз матчта 14 гол соғып, өз қақпасына небәрі бір ғана гол жіберді. Бұл жалғыз доп ширек финалда Бельгияға қарсы кездесуде (2:1) өткізіл-ді. Қалған барлық матчтарда Унай Симон бастаған испан қорғанысы қарсыластарына саңылау қалдырмады. Осындай сенімді ой-ынының арқасында Испания құрамасының негізгі қақпашысы Унай Симон әлем че-пионатының үздік қақпашысына берілетін «Алтын қолғап» жүлдесін иеленді.

Турнирдің ең беделді жеке марапаты чемпионаттың «Алтын добы» Испания құрамасының тіреті Родриге табысталды.

«Үздік жас ойыншысы» атағы Испанияның 19 жастағы қорғаушысы Пау Кубарсиге бұйырды. Ал финалдың тағдырын шешкен Ферран Торрес кездесудің «Үздік ойыншы-сы» деп танылды.

Шабуыл шебіндегі ең жарқын футол-шы тағы да Килиан Мбаппе болды. Фран-ция құрамасының сұрмергені қатарынан екінші рет әлем чемпионатының «Алтын бұтсы» жүлдесін жеңіп алды. Ол мундиаль барысында сегіз матчта 10 гол соғып, төрт нәтижелі пас беріп, қарсыластар қақпасына қауіп төндірген ең қауіпті ойыншы атанды. Бұдан да маңыздысы – Мбаппе әлем че-пионаттары тарихындағы ең үздік сұрмер-ген атанды. Үшінші орын үшін Франция мен Англия арасындағы кездесудің 66-ми-нутында дубль авторы атанып, әлем чемпи-онаттарындағы 22-голын соқты. Осылай-ша, ол бұл көрсеткіш бойынша 21 голмен көш бастап тұрған Лионель Мессиден асып түсіп, мундиаль тарихының жаңа рекорд иесі аталды.

Футболдың алтын дәуірі ешқашан аяқталмайды. Бір жұлдыз сөнсе, оның ор-нын екіншісі басады. Кеше ғана Лионель Месси киген 19-нөмір бүгін Ламин Ямаль-ды әлем чемпионы етті. Бұл – футбол та-рихының үзілмейтін алтын жібі, ұрпақтар жалғастығының ең әдемі көрінісі. Осылай-ша «Қызыл фурия» өз тарихында екінші рет әлем кубогын көкке көтеріп, 2010 жыл-дан кейін тағы да әлем футболының шыңы-на шықты.

Суреттер FIFA

Асығы алшысынан түсті

Қостанайда жастар арасында асық ату мен бес асықтан Қазақста Республикасының чемпионаты өтті. Елдің әр өңірінен жиналған 80-ге жуық спортшы төрт күн бойы ұлттық спорттағы шеберліктерін сынға салып, үздіктерді анықтады. Аталған додада асық ату спортынан үш спортшы об-лыс намысын қорғады. Жарыс қорытындысы бойынша бұқар жыраулық Ержан Солтан блиц бағдарламасында жоғары деңгейдегі ойын көрсетіп, күміс жүлдені иеленді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан чемпионаты төрт ата-лым бойынша ұйымдастырылды. Ұлдар дәстүрлі асық ату мен блиц бағдарлама-сында өзара мықтыны анықтаса, қыздар дәстүрлі бес асық және блиц түрлерінде сынға түсті. Бұл бәсекеде облыс намысын Бұқар жырау ауданының спортшылары Ержан Солтон, Батырхан Балташ және Данияр Путятин қорғады. Чемпионат қорытындысында Ержан Солтон блиц бағдарламасында жоғары нәтиже көр-сетіп, күміс жүлдені жеңіп алды.

Айта кетейік, аталған үш спортшы да мамыр айында өткен облыстық турнир қорытындысы бойынша республикалық чемпионатқа жолдама алған үздіктер. Жа-рыс барысында үш спортшымыз жекелей және блиц бағдарламаларында бақ сына-

ды. Ержан Солтон жекелей сында тоғыз түр өткізіп, оның алтауында жеңіске жет-кен. Үш кездесуде қарсыластарына есе жіберіп, қорытындысында VII орынға тұрақтады. Ал, блиц бағдарламасы олим-пиадалық жүйе бойынша ұйымдасты-рылды. Бұл форматта жеңілген спортшы жарыс жолынан шығып отырған. Ержан осы санатта алғашқы бес кездесуде қар-сыластарынан басым түсіп, финалға дейін жеткен. Алайда, шешуші бәсекеде түр-кістандық спортшыға есе жіберіп, чемпи-онаттың күміс жүлдегері атанды.

– Ержан актық сында Түркістан об-лысының өкілімен кездесті. Бұл спортшы бытырғы ел чемпионатында блиц бағдар-ламасы бойынша чемпион атанған. Фи-налдық кездесуде Ержанға аздап тәжірибе жетіспеді деп ойлаймын. Бірінші кезеңде жеңіске жетсе, екінші айналымда қарсы-ласы есепті теңестіріп үлгерді. Ал, ше-



шуші кезеңде қарсыласы тәжірибесінің арқасында бір асық артық алып, жеңісті жұлып алды. Бұл – Ержанның алғашқы республикалық деңгейдегі турнирі. Ауыл-да дайындалып, осындай байрақты бәсе-

кеден жүлде алуы үлкен жетістік. Соңғы екі жылда оның көрсеткіші айтарлықтай жақсарды. Алдағы уақытта да жоғары нәтижелерге қол жеткізетініне сенімім мол.



Енді Өскемен қаласында жастар ара-сында командалық сайыстан өтетін ел чемпионатына дайындықты бастап кет-тік. Осы үш шәкіртім де облыс намысын қорғайтын болады. Алдағы жарысқа да тыңғылықты әзірлік жүргізіп жатырмыз, – деді Бұқар жырау ауданының «Арлан» спорт клубының жаттықтырушысы Айдар Өбдікәрімов.

Батырхан Балташ пен Данияр Путятин де жекелей сында өз мүмкіндіктерін сәтті пайдаланды. Екі спортшы да тоғыз ойын өткізіп, оның бесеуінде жеңіске жеткен. Данияр блиц бағдарламасында ширек фи-налға дейін жетіп, бұл кезеңде әктөбелік қарсыласынан айласын асыра алмады. Ал, Батырхан екінің айыналымнан кейін жарыс жолын аяқтады.

Сурет жеңімпаздың жеке мұрағатынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлыз БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 284 №77 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
